

КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ РУ-ТАЙПАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Ж.О. ЕСЕРКЕПОВА*

Түйіндеме: Бұл мақалада түркі тайпалық құрылымы мен мемлекетінің қалыптасуының негізгі оқиғалары мен ерекшеліктері, олардың аумақтық бөлінісі, тайпалық ұйымдасуы мен мәдени ерекшеліктері қарастырылған. Түркі қоғамының әлеуметтік бірліктері ретінде Түркі қағанаттарының отбасылық-тайпалық құрылымы мен аймақтық тарихының қалыптасуымен қатар басқа көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасына да салыстырмалы түрде сипатталады. Сондықтан мақаламызды жазу барысында біз түркітанушы ғалымдардың ғылыми ізденістері арқылы түркілердің әлемдік өркениеттегі орнын анықтауға тырысамыз.

Сонымен қатар мақалада көне түркілердің тайпалық құрамының қалыптасу процесі, оның эволюциясы мен әртүрлі тарихи кезеңдердегі ерекшеліктері қарастырылады. Автор түркі тайпаларының қалыптасуы мен өзгеруінің негізгі кезеңдерін белгілеу мақсатында жазба деректер мен қазіргі заманғы зерттеулердің нәтижелерін талдайды. Бұл ретте түркі тайпаларының географиялық таралуына, олардың ру-тайпалық ерекшеліктеріне, сондай-ақ олардың қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік-экономикалық жағдайларына назар аударылады. Түркі халықтарының этногенезінің динамикасын жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретін көші-қон процестері мен көрші халықтармен қарым-қатынасы сипатталады.

Тірек сөздер: *көне түркілер, тайпалық ұйым, Орхон-Енисей ескерткіштері, қағанат, өркениет.*

The History of the Formation of the Tribal Composition of the Ancient Turks

Abstract: The article examines the main events and features of the formation of the Turkic tribal system and state, their territorial division, tribal organization and cultural features. In comparative terms, the tribal structure and regional history of the Turkic Khaganates as social units of the Turkic society, as well as their relationships with other neighboring states, are characterized. Therefore, when writing our article, we are trying to determine the place of the Turks in world civilization through scientific research by Turkologists. The article also examines the process of formation of the tribal structure of the ancient Turks, its evolution and features in different historical periods. The author analyzes written sources and the results of modern research in order to identify the main stages of the formation and transformation of the Turkic tribes. At the same time, attention is paid to the geographical distribution of the Turkic tribes, their tribal characteristics, as well as the socio-economic conditions that contributed to their formation. Migration processes and relationships with neighboring peoples are described, which allows us to better understand the dynamics of the ethnogenesis of the Turkic peoples.

Key Words: *ancient Turks, tribal organization, Orkhon-Yenisei monuments, Khaganate, civilization.*

Кіріспе

Түркі әлемі - бірнеше мың жылдық тарихы бар Еуразияның орталығындағы ұлан-ғайыр бірегей өркениет болды. Орталық Еуразияның далалық өңірі көптеген жетістіктерге толы екені белгілі. Онсыз адамзат өркениетінің бүкіл тарихын елестету мүмкін емес. Мұнда халықтардың Ұлы қоныс аударуынан бастап Еуразияның ұлы дала империяларының құрылуына дейінгі ауқымды саяси оқиғалар басталды. Адамзат тарихында сан алуан мемлекеттер мен империялардың құрылып, дамуына өзіндік із қалдырып, сүбелі үлес қосқан тайпалар мен ұлыстар аз емес.

Бұл мақалада түркі тайпаларының ру-тайпалық құрылымы мен мемлекеттеріне тоқталып, олардың тарихтағы орнын және осы тақырып аясында қалам тартқан ғалымдардың еңбектерін қарастырамыз.

Негізінен Орталық Азия территориясы этностардың әртүрлі топтары шоғырланған ерекше көпұлтты аймақ болып табылады. Олай болса, түркі тайпаларының тайпалық құрылымының қалыптасу тарихын, қазіргі түркі әлемін, шығыстану, тарих ғылымын зерделеу өте қажет. Себебі, Орталық Азия мен түркітану ғылымы шығыстану ғылымының бір бөлігі болып табылады. Германия, Англия, Франция, Италия, Австрия, Нидерланды секілді т.б. еуропалық елдерде Орталық Азияның тарихын, мәдениетін, тілін зерттейтін ірі арнайы орталықтар бар. Ежелгі түркілердің тайпалық құрылымы

* Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, zhanar_e77@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8948-7358>

олардың әлеуметтік ұйымының маңызды аспектісі. Ол түркі халықтары мен олардың мәдениетінің дамуына айтарлықтай әсер етті.

Жалпы, көне түркі халықтары жайында көптеген деректер мен зерттеу еңбектері жеткілікті. Көне түріктер туралы құнды деректердің ішінде бізге жеткен қытай, араб-парсы деректерін т.б. жатқызамыз. Мысалы, Қытай жылнамалары «Вей шу», «Жоушу», «Солтүстік әулеттер тарихы», «Көне Таң кітабы», «Көне бес әулет тарихы», «Сұң тарихы» секілді көптеген деректерде көне түріктерге қатысты тарихи деректер бар екендігі әрдайым айтылады. Ал араб деректері бойынша «Материалы по истории Туркмен и Туркмении» жинағында (А.П. Баранников, 1939), Ф.М. Асадовтың «Арабские источники о тюрках в раннее средневековье» атты еңбектері (Асадов Ф.М., 1993) т.б. көне түркілерге қатысты мәліметтер жинақталған. Ал көне түркі жазба ескерткіштері – Орхон, Енисей, Талас ескерткіштеріндегі Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған секілді руна жазуларын атауға болады. Онда түркі елін сақтау, мемлекет, нәсілдің жойылып кетпеуі сияқты нақты көзқарастардағы мәліметтерді айтуға болады. Түркі елінің бай тарихы, географиялық жағдайы, әдебиеті мен мемлекеттік құрылымы, этнологиялық ерекшеліктері Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде барынша тарихи сипатталған (Махмуд ал-Кашғари, 2005). Яғни, тіл туралы еңбек болуымен бірге түрік әлемінің бай рухани қазынасын, кенеулі жан-дүние кеңістігін сол күйінде бізге жеткізген. Түркі халықтарының тарихын зерттеуде шығыстанушылар мектебінің маңызы ерекше. Оның өз кезінде әйгілі өкілдерінің бірі Бичурин Н.Я., Бартольд В.В., Аристов Н.А., Радлов В.В., Томсен және т.б. сынды көптеген зерттеушілерді айтуға болады. Сонымен қатар Кеңестер кезеңі кезінде зерттеу жүргізген ғалымдар Бернштам А.Н., Толстов С.П., Толыбеков С.Е., Гумилев Л.Н., Артамонов М.И., Кляшторный С.Г., Зуев Ю.А., Агаджанов С.Г., Көмеков Б.Е., Марков Г.Е., Аманжолов А.С., Ахинжанов С.М., Федоров-Давыдов Г.А., Қызласов, Малов С.Е., Караев О.К., М. Аджи, Байпаков К.М., Айдаров Ғ. сынды т.б. түркі тарихы мен өркениетін зерттеуге өз үлестерін қосқан еді.

Ал енді Тәуелсіз Қазақстан тұсында көптеген ғалымдарымыз көне түркілер, түркі әлемі бойынша жаңа көзқарастар негізінде қалам тартқан еді. Оған Зардыхан Қинаятұлының «Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары. IX-XII ғғ.», түркітанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлының «Орхон ескерткіштерінің толық атласы», Г.Б. Хабижанованың «Тюркский фактор в становлении протоказахских племенных образований в IX-XII вв.» т.б. түркі дүниесін зерттеуге қосылған ғылыми үлес деуге болады.

Оған қоса С. Бөлекбаевтың «Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию» атты монографиясы мен т.б. ғылыми еңбектерінде түркі халықтарының әлемдік көркемдік және ғылыми ой, ғылым, техника және медицина салаларына қосқан үлесін бағалай отырып, олардың жетістіктерін жүйелеп көрсетілген. Автор түркілерді зерттеу еуроцентристік көзқарастағы мифтер мен стереотиптер позициясынан орын алғанымен келіспейді. Бұл зерттеулердің негізгі қорытындысы – түркі халықтарының төл өркениет жасай алғандығы және олар әлемдік ғылымда лайықты бағаға ие болулары керек. С. Бөлекбаев қазір әмбебап өркениет тек Батыстың ғана емес, бүкіл әлемнің, соның ішінде Еуразияның да жетістігі екенін түсінетін кез келді деген көзқарасын ұсынады. Түркі әлемі Орталық Азия және Еуразиямен бірге адамзаттың әлемдік тарихи-мәдени мұрасында жетекші орындардың бірі екендігі жайында ой қозғайды (Булекбаев С.Б., 2015: 31). Бұл аймақтардың ең алдымен мәдени бірлік ерекшеліктерімен айқындалатын кең географиялық қамтуы күмән тудырмайды. Орталық Азия тарихының маңызды құрамдас бөлігі – түркі өркениетін біріктіруші ұстанымы, бесігі, ортақ мұрасы болған түркі халықтарының тарихы.

Енді негізгі мәселемізге келсек, Орта Азия тайпалары кезінде жергілікті ғұндар, аландар, үйсіндер, қаңлылар тәрізді тайпалар бірлестіктерінен және шығыстан Алтай-Саян, Моңғолия аймағынан батысқа көшіп келген ежелгі түркі тайпаларының бірлестігінен тұрады. Осындай екі бөліктен құралған түркі бірлестіктерінің бастан кешірген тарихи процестердің нәтижесінде Орта Азия аумағында түркі халықтарының әлеуметі қалыптасты. Түркі мемлекеттілігінің пайда болу процесі тайпалық ұйымның қалыптасуы мен дамуымен тікелей байланысты болды. Айта кету керек, түркі қоғамдарының барлығында дерлік көне дәуір, орта ғасырларда тайпалық жүйе мемлекеттік құрылымның қалыптасуында қажетті атрибут болған. Бұл бір қарағанда әр түрлі мемлекеттік құрылымдардың: ғұндардан бастап қазақ жүздеріне дейінгі ұқсастықтармен түсіндіріледі. Біз түркілер арасындағы өте күшті рулық-тайпалық қатынастар болған кезде мемлекеттің пайда болуының таңғаларлық құбылысын көреміз. Түріктердің тайпалық құрылымының қалыптасуы бойынша тайпалардың бірігуі және алғашқы одақтардың құрылуы жүрген еді. Одан кейін VI-VIII ғғ. түркі тайпаларының саяси билігі мен бірігуінің орталығына айналған Түрік қағанатының қалыптасып, дамуы орын алды. Мұнан соң бірнеше ғасырлар өмір сүрген қағанаттың ыдырауы және жаңа саяси құрылымдардың қалыптасуына әкелген тайпалардың одан әрі саралануын айта аламыз.

Рулық жүйе ғұндар арасында жақсы сақталды. Осы жүйенің негізінде барлық ғұн тайпаларын бөлу және әскери жағынан ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Жетісу көшпелілері арасында рулық жүйенің қалдықтары болған. Көне түркілер арасындағы рулық-тайпалық ұйым мемлекеттің пайда болуының сапалық сипаттамасы болды. Тайпалық ұйым мен рулық жүйенің сақталуының негізі көшпелі мал шаруашылығы мен жасанды суару жүйесі болып табылады. Мемлекеттіліктің пайда болуы кезіндегі рулық ұйымның дамуының негізі ретінде экономикалық факторды айта аламыз. Номадизмге көшу бүкіл Еуразия кеңістігінде экономикалық және әлеуметтік жағдайды, прогресті көрсетті. Ал рулық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің сақталуына көшпелі өмір салтының өзі ықпал еткен еді. Ежелгі түріктердің тайпалық құрылымындағы туыстық бойынша қандас туыстар бірнеше отбасынан тұратын негізгі бірлікке жатты. Ал тайпалық бірлік бойынша ортақ мүдделер мен дәстүрлер біріктірген рулар тобын айта аламыз. Тайпалық одақ сыртқы жаулардан қорғау немесе бірлескен әскери жорықтар сияқты ортақ мақсаттарға жету үшін бірнеше тайпалардың ұйымынан тұрды. Түркілер арасында рулық-тайпалық ұйымның берік орын алуында экономикалық фактормен қатар қандық-туыстық байланыстар да маңызды рөл атқарды. Бұл туыстық қатынастар алғашқы қауымдық қоғамның соңғы кезеңінде де, ерте таптық қоғамда да, феодализм кезеңінде де өзінің әлеуметтік мәнін жойған жоқ. Осылайша, көне түркілердің ру-тайпалық құрылымының қалыптасуында түркі қоғамының әлеуметтік бірліктері ретінде отбасын, ру және тайпаны айтуға болады.

Тайпалық ұйым жүйесінде **отбасы** маңызды рөл атқарды. Отбасының барлық мүшелері бір-бірімен некелік жағынан немесе қандас туыстар болды. Отбасының маңыздылығын қоғамдық ұйымның даму тарихының барлық кезеңінде байқауға болады. Түркілердің патриархалдық отбасы шағын немесе жеке отбасына негізделген. Шағын отбасымен бірге үлкен отбасы да болды. Түркілер арасындағы рулық-тайпалық ұйымның қалыптасуында отбасы мен көшпелі отбасы қауымдастығы, сондай-ақ отбасы-туыстық топ негізгі рөл атқарды.

Ал отбасынан кейінгі ең ірісі ол – **ру** еді. Жүздеген тайпалар арасында ру қоғамдық форма ретінде болды. Ру тұтас бір құрылымды білдіреді деп есептелді. Сөйтіп, ру бірте-бірте әлеуметтік өмірді реттейтін институтқа айналады. Көшпелілер арасындағы рудың бірлігі туыстық жағынан ортақ шаруашылық, әскери, саяси және басқа да мүдделерге, сондай-ақ жайылымдық жерлерді бірлесіп пайдалануына

негізделген. Көшпелілер арасындағы туыстық байланыстың күшті болғаны сонша, ру мүшесі өз руын тастап кете алмайтын. Көне түркілер арасында ең қолайлы жайылымдық жерлерді иеленуге тек күшті, саны жағынан басым, тату рудың ғана мүмкіндігі болды. Түркілер отбасының көптігі оған күш-қуат берді, бірақ сонымен бірге ұзақ уақыт бойы тұтастығын сақтауға да мүмкіндік бермеді. Өйткені, ерте ме, кеш пе, рудың дербес бөлінуіне де себеп болды. Нәтижесінде әрбір рудың ішінде, бір жағынан, ру бірлігін нығайту ниетімен, екінші жағынан, бөліну ниетімен байланысты процестер жүрді. Рулық жүйенің өзі түріктердің «саяси» құрылымының негізі болған еді. Ру түркі көшпелілерінің өмірінде жан-жақты мәнге ие болып қана қоймай, түркілердің саяси тарихында өте маңызды рөл атқарды (Амрахов М., 2011: 11).

Көне түркі қоғамдарында **отбасы** қоғамдық құрылымда, шаруашылықта, мәдени өмірде шешуші рөл атқарған. Отбасылық байланыстар әлеуметтік жағдайды анықтап, қорғау мен қолдауды қамтамасыз етті, дәстүр мен білімнің таралуына ықпал етті. Отбасының көне түркілер арасындағы рөлінің негізгі аспектілері, оның ішінде оның құрылымы, қызметтері және қоғамға ықпалы үлкен рөл атқарады. Көне түркілердегі отбасы құрылымы көбіне патриархалды болып келеді және кең тараған. Алайда, әйел адамдарда қоғамдық мәселелерде үлкен рөл атқарғанын білеміз. Отбасындағы отағасы – басты шешімдерді қабылдайтын, отбасы мен ауылдың береке-бірлігіне жауапты болған. Ал үлкен отбасы бойынша бір отбасы бірнеше ұрпақты, соның ішінде ата-аналар, балалар, ата-әжелер мен алыс туыстарды қамтуы мүмкін. Туысқандық қарым-қатынас та көне түркілерде маңызды болып есептелген. Отбасылар рулық топтарға бірігіп, олар әлеуметтік құрылым мен саяси өмірде маңызды рөл атқарды. Негізінен отбасының функциялары көне түркі қоғамдарында экономикалық жағынан өндірістің негізгі бірлігі болды. Ол өз мүшелерін азық-түліктен бастап баспанаға дейін қамтамасыз етті. Отбасы мүшелерінің бірлескен жұмысы аман қалуға және өркендеуге ықпал етті. Ал әлеуметтік функциялар бойынша отбасы өз мүшелерін қорғап, қолдау көрсетіп отырған. Көшпелі өмір салтында өмір сүру үшін қауіпсіздік пен өзара көмек қажет болды. Мәдени жағынан да отбасы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, білім беруде маңызды рөл атқарды. Саяси жағына келсек, отбасылық байланыстар көбінесе саяси одақтарды анықтайды. Әртүрлі отбасылар арасындағы некелесу рулар мен тайпалар арасындағы байланысты нығайтты.

Көне түркілердің қоғамдық құрылысына отбасылық қарым-қатынастар айтарлықтай әсер етті. Мысалы, маңызды аспектілерден әлеуметтік иерархияға тоқталуға болады. Отбасының қоғамдағы орны оның байлығымен, ықпалымен және ұрпақтарының санымен анықталды. Көшбасшылық лауазымдарды үлкенірек және ықпалды отбасылар иеленуі мүмкін. Некелесу және династиялық одақтар да болды. Отбасылар арасындағы неке саяси байланыстарды нығайту және одақтар құру үшін пайдаланылды. Бұл белгілі бір рулардың билігі мен ықпалының күшеюіне ықпал етті. Мәдени бірлік жағынан да отбасылар ғасырлар бойы түркі болмысының сақталуына және дамуына үлес қосқан мәдениеттің негізгі тасымалдаушысы болды. Сондықтан көне түркілер арасында отбасы көптеген қызметтер атқарып, қоғамға елеулі ықпал еткен ең маңызды әлеуметтік бірлік болған. Олардың құрылымы, үлкен туыстық байланыстар мен экономикалық өзара тәуелділік түркі тайпаларының өмір сүруін және гүлденуін қамтамасыз етті. Көне түркі қоғамдарындағы отбасының рөлін зерттеу олардың мәдениетін, салт-дәстүрін, әлеуметтік құрылымын, адамзат тарихына қосқан үлесін тереңірек білуге мүмкіндік береді.

Ру негізінде түркілердің алғашқы мемлекеттерінің бірі – ұлы Ғұн империясы құрылды. Бастапқыда 24 рудың қарапайым одағы бірте-бірте ұлы державаға айналған еді. Осылайша, түркі мемлекеттерінің көпшілігі дерлік рулық негізде құрылды. Рудың көптігі оны кіші руларға бөлінуіне әкелді, олар күшейе отырып, жаңа руларды құрады. Күшейген ру бүкіл түркі қауымдастығын басқару функцияларын өз қолына ала

бастайды. Ол шын мәнінде ақсүйектер болып табылды. Нығайған патриархалды ақсүйектер отбасы өзінің негізгі қызметін туыстарының амандығын қамтамасыз ету деп санады. Ру да рулық қауымдастықтың іргетасы болып табылады, ол рулық қатынастарға негізделген, яғни көне заманнан тіпті ХХ ғ. дейін мемлекеттік құрылым аясында өмір сүргендігін айта кету керек. Көне түркілердің қоғамдық құрылымы мен әлеуметтік өмірінде ру институты ерекше маңызды рөл атқарды. Сондықтан мақаламызда рудың маңызы, оның функциялары және көне түркілердің әлеуметтік құрылымындағы орны да қарастырылды.

Ру - жалпы ортақ ата-бабалардан тарайтын, туысқандық байланыстармен біріктірілген топ болып табылады. Көне түркілердің қоғамында ру әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірдің негізі болды. Рулық құрылым, негізінен, туыстық қатынастарға негізделген, бұл өз кезегінде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етті. Рудың әлеуметтік функциялар бойынша да атқарған қызметі жоғары. Мысалы, туыстық байланыстарға келсек, рулар туысқандық қатынастарға негізделгендіктен бұл адамдардың бір-біріне деген жауапкершілігін арттырды. Әрбір ру мүшесі өз руластарын қорғауға, қолдауға міндетті болды. Рулар арасында экономикалық байланыстар қалыптасып, мал шаруашылығы, аңшылық және егіншілік сияқты салаларда ынтымақтастықты қамтамасыз етті. Бұдан рулар арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың болғанын байқаймыз. Саяси құрылымы жағынан көне түркілердің саяси жүйесі руларға негізделді. Рулар өз ішінде басшыны сайлап, шешімдер қабылдады. Бұл жүйе қоғамдық тәртіпті сақтауға ықпал етті. Ру мәдениет пен дәстүрлерді сақтау мен жеткізуде маңызды рөл атқарды. Әрбір ру өзінің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дамытып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырды. Бұл мәдени бірегейлік көне түркілердің ұлттық идентификациясының негізі болды. Көне түркілердің әскери құрылымында рулардың рөлі зор болды. Рулар әскери күштерді ұйымдастырып, бірлескен әскери әрекеттерді жүзеге асырды. Бұл одақтар жауларға қарсы тұруда тиімді болды.

Оған қоса, ру мәдениеті мен дәстүрлері, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халықтың біртұтастығын, ұлттық сәйкестігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Көне түркілердің руларға бөлінуі, олардың мәдениетінің, өнерінің, тілінің және дінінің дамуына ықпал етті. Көне түркілердегі ру құрылымы тек әлеуметтік ұйым ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен тарихтың маңызды құрамдас бөлігі болды. Бұл құрылым, олардың өмір сүру тәсілдеріне, дүниетанымына және тарихи дамуына терең әсер етті. Көне түркілердің ру мәдениеті мен дәстүрлері қазіргі заманғы түркі халықтарының мәдениетінде де өз ізін қалдырды, бұл олардың тарихи сабақтастығын көрсетеді.

Сонымен қатар түркілерде ең үлкен және ең күрделі бірлік тайпа болды. Рулық бөлімдерден тұратын әрбір тайпа әкімшілік-саяси, әскери секілді белгілі бір қызметтерді атқарды. Түркі қоғамында да тайпа тарихи дамудың жемісі бола отырып, белгілі бір ру-тайпалардан құралады. Бұл жерде тайпа өз мүшелерінің мүддесін көрші тайпалардың шабуылдарынан қорғап отырды. Сонымен, ғұндар руға бөлінген біртұтас тайпа болған, олар өз кезегінде ішкі күшті рулық ұйымға ие болғандықтан, тайпаларға бөлінуге жол бермейді, бұл жайында Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Күлтегін жазбаларында жазылған. Түркілерде де патриархалдық руларды тайпалармен алмастыру үрдісі бар. Түркі тайпаларының барлығы дерлік бірнеше рудан тұрды.

Көне түркілердің мәдениетіне де тайпалық құрылым айтарлықтай әсер етті. Қазіргі заманға дейін жеткен ауызша ауыз әдебиетінің, дәстүрлі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің дамуына үлес қосты. Ежелгі түркілердің тайпалық құрылымының қалыптасуы олардың қоғамдық ұйымдасуы мен мәдениетіне айтарлықтай әсер еткен күрделі де көп сатылы процесс болды. Түркі жүйесінің көптеген аспектілерінің

айырмашылықтарына қарамастан көшпелі қоғамдарға тән әмбебап белгілерге ие екенін көрсетеді. Осы тақырып аясындағы мәселені зерделеу түркілердің тарихын ғана емес, жалпы адамзат қоғамының дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түркі тайпасы әрі этникалық (бір шежіре арқылы байланысқан туыстас тайпалар), әрі қоғамдық-саяси ұйым болды. Екіншіден, рулардан тұратын тайпалар бірте-бірте кеңейіп, тайпалар одағы арқылы біріктірілді. Үшіншіден, түріктер әскери құрылымға негізделген тайпалардың қалыптасуымен сипатталды, мұндай «тайпа» орда болды; төртіншіден, тайпалар одағы да, ордалар одағы да бастапқы мемлекеттік құрылымдар болды. Бесіншіден, бір тайпаның басшылығындағы рулар одақтары негізінде мемлекет құрылды; алтыншыдан, түркілер арасында тайпалар одағы арқылы мемлекет құрылымына айналған алғашқы мемлекеттік құрылым ел болды.

V ғ. түркі тілдес теле тайпалар одағының саны көп топтары Солтүстік Моңғолиядан Шығыс Еуропаға дейінгі далалық өңірде қоныстанып, оңтүстігінде олардың көшіп жүретін жерлері Әмударияның жоғарғы ағысына дейін жетті. Түркілер этносының өз қағанаттарын құрар алдындағы кезеңінде Ганьсу, Шығыс Түркістан және Алтай аудандарында III-IV ғғ. дейінгі аралықта кезең-кезеңмен қалыптасты. Батыс Түрік қағанатының орнына көшпелі және жартылай көшпелі түркі тілдес тайпалар қазіргі Орта Азия аумағында құдіретті төрт мемлекет: Іле өзені мен Шу өзені аралығында, Іле Алатауынан Балқаш көлінің оңтүстігіне дейін – Түркеш қағанатын, Жетісуда – Қарлұқ этникалық – әлеуметтік бірлестігін, Сырдарияның орта және төменгі ағысы мен Арал өңірі далаларында – Оғыз мемлекетін, ал қазіргі Солтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстанда аумағында – Қимақ қағанатын құрды.

Түркештердің негізін құрайтын тайпалардың бірі Он оқ бұдын тайпалық одағына кіретін дулу, нүшбе, қарлық, шымыр, шато, ши би, шоянто тайпалары туралы Қытай жазбаларында жазылған. Батыс Түрік қағанатының орнына төрт мемлекеттің бірі Жетісу жерін мекендеген Қарлұқтар мемлекеті болды. V ғ. «Суй әулеті тарихында» қарлұқтар туралы алғашқы мәліметтер олардың тірек тайпалардың құрамында болғаны туралы айтылады. Онда қарлұқтар өздерінің негізгі руының атымен бұлақ (було) деп аталды. Батыс Алтай мен Тарбағатай арасындағы аумақ қарлұқ тайпаларының бастапқы мекені болып табылады. VII ғ. ортасында қарлұқ одағының құрамына үш үлкен тайпа – бұлақ, шігіл және ташлық кірді. Әмудариядан Қытайға дейінгі барлық түркілер шігіл деп аталды. Олардың біразы Талас маңындағы Шігіл қаласында тұрған (Өскенбай М.Ә., 2016: 82).

Қимақтар мен қыпшақтардың этникалық туысқандығы туралы тарихи деректер олардың түркі тілдес туысқан этнос өкілдері екенін көрсетеді. Теле тайпасының бірі саналатын янмо VII ғ. басында Моңғолияның солтүстік-батысында өмір сүрген. Ал VIII-IX ғ. басында кимек тайпалары үш бағытта солтүстік-батысқа – Оңтүстік Оралға (негізінен қыпшақтар), оңтүстік бағыт – Сырдария мен Оңтүстік Қазақстанға, Жетісудың солтүстік-батысына қарай жылжиды. Ал XI ғ. екінші жартысында Сырдария бойындағы, Аралдың батысы мен Каспий маңы аймағының солтүстігіндегі оғыз жерін алып жатқан қыпшақтар айтарлықтай күшейеді. Олар бұрынғы қимақ-қыпшақ орналасқан негізгі территорияда күш-қуаты жағынан алдыңғы орынға шықты. Бұл оқиғалар кезінде қимақтар саяси көшбасшылықтан айырылып қана қоймай, қыпшақтарға тәуелді болды. Осылайша қыпшақтар қимақ мемлекетінің мұрагерлері болды. Бұдан былай қимақтар қыпшақ тайпаларының құрамына еніп, қыпшақтар деп атала бастады. X ғ. қыпшақтар Батысқа қоныс аудара бастады. Нәтижесінде қыпшақтардың этникалық құрамына оғыздар мен печенегтердің тайпалық топтары кірді.

Қорытынды

Қорыта келе, орта ғасырларда өмір сүрген негізгі деген бірнеше Түркі қағанаттары (552-744), Түркеш қағанаты (VIII ғ.), Ұйғыр қағанаты (744-840), Қарлұқ қағанаты (756-940), Қимақ қағанаты (IX-XI ғғ.), Қыпшақ мемлекеті (XI-XIII) және Қарахан мемлекеті (X-XIII ғғ.) секілді әрбір қағанат пен мемлекеттің негізгі оқиғалары, олардың аумақтық бөлінісі, саяси ұйымы, экономикалық, мәдени ерекшеліктері және құрылымдық қалыптасу тарихы бар. Олардың көршілес басқа мемлекеттермен және халықтармен қарым-қатынасы, сондай-ақ Түрік қағанаттарының аймақтық тарихтың қалыптасуына ықпал етуін ескерген жөн. Олар аймақтың саяси картасын қалыптастыруда елеулі рөл атқарып, мәдениет пен қоғамның дамуына әсер етті. Көне түркілер түркі тайпалары мен мемлекеттерінің қалыптасып, дамуында маңызды рөл атқарды. Мал шаруашылығымен, саудамен айналысып, көрші мемлекеттерге қатысты белсенді саясат жүргізді. Олар басқа да Еуразия халықтарының мәдениеті мен тіліне айтарлықтай әсер етті (Гумилев Л.Н., 2013: 95). Түркі тайпаларының әртүрлі мемлекеттер мен империялардың қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін бағаламауға болмайды. Түркі мемлекеттерінің этно-әлеуметтік тайпалық құрылымында үзілмей келе жатқан сабақтастық бар.

Көне түркілер қоғамында ру құрылымы әлеуметтік, экономикалық және мәдени маңызды рөл атқарды. Рулық жүйе тек қана туыстық байланыстарды емес, сонымен қатар әлеуметтік ұйымды, жерді пайдалану мен қорғауды, дәстүрлер мен салттарды сақтау механизмдерін де қамтыды. Рулар арасындағы ынтымақтастық, бәсекелестік және жаулармен болған қақтығыстар көне түркілердің саяси тарихында маңызды орын алды. Рулық құрылым, әсіресе, көшпелі өмір салтына бейімделу барысында, адамдардың бірігуін, қорғанысын және ресурстарды тиімді пайдалануын қамтамасыз етті. Рулық байланыстардың беріктігі мен тұрақтылығы, көне түркілердің әлеуметтік құрылымының негізі болып, оларды сыртқы қауіптерден қорғауға мүмкіндік берді. Түркі тайпаларының ортақ шығу тегі арғы түріктер немесе прототүріктер деп аталатын ғұн, үйсін, қаңлы дәуірлерінен бастау алады. Олардың мұрагерлері түркілер болып табылады. Бүгінде түркі халықтары Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан секілді алты тәуелсіз мемлекеттерде, сондай-ақ әртүрлі мемлекеттер құрамындағы бірқатар автономиялық құрылымдарда көптеген түркі этностары тұрады. Мысалы, Ресей Федерациясының құрамындағы Алтай, Башқұртстан, Татарстан, Тыва, Чуваш Республикалары т.б., Молдова Республикасының құрамында бар. Сонымен қатар, түркі халықтары Қытай аймақтарында, Иран, Ирак, Сирия және Балқан елдерінде, сондай-ақ Моңғолияда да айтарлықтай көлемде өмір сүреді.

Kamu diplomasisi, uluslararası ilişkilerde önemli bir araç olarak kullanılmaktadır (Mellisen, 2005: 11). Özellikle tarihî, kültürel ve etnik bağları güçlü olan ülkeler arasında, soydaşlık temelli ilişkilerin derinleştirilmesi ve geliştirilmesi adına da büyük bir öneme sahiptir. Bu bağlamda, Azerbaycan ve Türkiye arasındaki Konya Karabağ'a uzanan soydaşlık ilişkisini, kamu diplomasisinin etkileyici bir örneğini oluşturma potansiyeli bakımından çalışmamızda konu edinilmektedir.

ӘДЕБИЕТТЕР

Материалы по истории туркмен и Туркмении. Том I. VII—XV вв. Арабские и персидские источники / Под редакцией С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Ю. Якубовского. Ответственный редактор А.П. Баранников. М.; Л.: Издательство Академии наук СССР, 1939. - 612 с.

Асадов Ф.М. Арабские источники о тюрках в раннее средневековье. Баку: Элм, 1993. — 204 с.

- Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк // Перевод, предисловие и комментарии. З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. — Алматы; Дайк-Пресс, 2005. - 1288 с.
- Булукбаев С.Б. Вклад тюрков в мировую цивилизацию // Мысль - Республиканский общественно-политический журнал. Алматы, № 12 (декабрь), 2015 г. – 31-36 с.
- Амрахов М. Возникновение государственности и формы землевладения у тюрков. – Баку: Мутарджим, 2011. – 120 с.
- Өскенбай М.Ә. Орта Азиядағы түркі тайпаларының қоршаған ортаға бейімделуі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2016. – № 3 (82). – Б. 82-88.
- Гумилев Л.Н. Древние Тюрки. История образования и расцвета Великого тюркского каганата (VI-VIII вв. н.э.), 2003. – 227 с.
- Kafesoğlu İ. Türk Milli Kültürü. – İstanbul: Otuken, 2015. – 141 p.
- Turan O. Türk Cihan Hâkimiyeti Mefkûresi Tarihi. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2009. – 47 p.